



Professional **HEAVY DUTY**

GDB 180 WE + GCR 180


Robert Bosch Power Tools GmbH
70538 Stuttgart
GERMANY

www.bosch-pt.com

1 609 92A 6GY (2026.01) T / 17




1 609 92A 6GY



kk Пайдалану нұсқаулығының түпнұсқасы









(1)

(2)

(3)




(16)



(13)

(14)

(15)



(10)


(11)

(12)

(6)

(7)

(8)



(9)

GDB 180 WE



GCR 180



Қазақ

Еуразия экономикалық одағына (Кеден одағына) мүше мемлекеттер аумағында қолданылады

Өндірушінің өнім үшін қарастырған пайдалану құжаттарының құрамында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық, сонымен бірге қосымшалар да болуы мүмкін.

Сәйкестікті растау жайлы ақпарат қосымшада бар.

Өнімді өндірген мемлекет туралы ақпарат өнімнің корпусында және қосымшада көрсетілген.

Өндірілген мерзімі Нұсқаулық мұқабасының соңғы бетінде көрсетілген.

Импорттерге қатысты байланыс ақпарат өнім қаптамасында көрсетілген.

Өнімді пайдалану мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі 7 жыл. Өндірілген мерзімнен бастап (өндіру күні зауыт тақтайшасында жазылған) істетпей 5 жыл сақтағаннан соң, өнімді тексерусіз (сервистік тексеру) пайдалану ұсынылмайды.

Көрсетілген қызмет ету мерзімі тұтынушы аталмыш нұсқаулықтың талаптарын орындаған жағдайда ғана жарамды болады.

Істен шығу себептерінің тізімі

- көп ұшқын шықса, пайдаланбаңыз
- қатты діріл кезінде пайдаланбаңыз
- тоқ сымы бұзылған немесе оқшаулаусыз болса, пайдаланбаңыз
- өнім корпусынан тікелей түтін шықса, пайдаланбаңыз

Пайдаланушының мүмкін қателіктері

- тұтқасы мен корпусы бұзылған болса, өнімді пайдаланбаңыз
- жауын –шашын кезінде сыртта пайдаланбаңыз
- корпус ішіне су кірсе құрылғыны қосушы болмаңыз

Шекті күй белгілері

- тоқ сымның тозуы немесе зақымдануы
- өнім корпусының зақымдалуы

Қызмет көрсету түрі мен жиілігі

- Әр пайдаланудан соң өнімді тазалау ұсынылады.

Сақтау

- құрғақ жерде сақтау керек
- жоғары температура көзінен және күн сәулелерінің әсерінен алыс сақтау керек
- сақтау кезінде температураның кенет ауытқуынан қорғау керек
- орамасыз сақтау мүмкін емес
- сақтау шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін MEMCT 15150-69 (шарт 1) құжатын қараңыз

- +5-ден +40 °C-қа дейін температурасында қоймада өндірушінің қаптамасында сақтаңыз. Салыстырмалы ылғалдылық 80 % -дан аспауы тиіс.

Тасымалдау

- тасымалдау кезінде өнімді құлатуға және кез келген механикалық ықпал етуге қатаң тыйым салынады
- босату/жүктеу кезінде пакетті қысатын машиналарды пайдалануға рұқсат берілмейді
- тасымалдау шарттары талаптарын MEMCT 15150-69 (5 шарт) құжатын оқыңыз
- Қоршаған орта температурасы –50 °C-тан +50 °C-қа дейін тасымалдау рұқсат етілген. Салыстырмалы ылғалдылық 100 %-дан аспауы тиіс.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Электр құралдары үшін жалпы қауіпсіздік нұсқаулары

⚠ ЕСКЕРТУ

Осы электр құралының жинағындағы ескертулерді,

нұсқауларды, суреттерді және сипаттамаларды оқыңыз. Барлық техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындамау тоқтың соғуына, өрт және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Болашақ жұмыстар үшін қауіпсіздік нұсқаулықтары мен ескертпелерді сақтап қойыңыз.

Қауіпсіздік нұсқаулықтарында пайдаланылған Электр құрал атауының желіден қуат алатын электр құралдарына (желілік кабелі менен) және аккумуляторден қуат алатын электр құралдарына (желілік кабелі жоқ) қатысы бар.

Жұмыс орнының қауіпсіздігі

- **Жұмыс орнын таза және жарық ұстаңыз.** Ластанған және қараңғы жайларда сәтсіз оқиғалар болуы мүмкін.
- **Электр құрылғысын жарылатын атмосферада пайдаланбаңыз, мысалы, жанатын сұйықтық, газ немесе шаң бар болғанда.** Электр құрал ұшқындарды жасайды, ал олар шаң немесе буларды жандыруы мүмкін.
- **Балалар мен бақылаушыларды электр құралынан алыс ұстаңыз.** Алданулар бақылау жоғалуына алып келуі мүмкін.
- **Жабдық тұрмыстық жағдайларда, коммерциялық аймақтарда және қоғамдық жерлерде, зиянды және қауіпті өндірістік факторлар жоқ кіші электр тұтынуы бар өндірістік аймақтарында жұмыс істеу үшін арналған.**

Электр қауіпсіздігі

- **Электр айырлары розеткаға сай боулы тиіс. Айырды ешқашан ешқандай тәрізде өзгертеңіз. Жерге қосылған электр құралдарымен адаптер айырларын пайдаланбаңыз.** Өзгертілмеген айырлар мен сәйкес розеткалар электр тұйықталуының қауіпін төмендетеді.
- **Құбырлар, радиаторлар, плиталар мен суытқыштар сияқты жерге қосылған беттерге тимеңіз.** Денеңіз

жерге қосылған болса жоғары тоқ соғу қауіпі пайда болады.

- ▶ **Электр құралдарды жаңбырда немесе ылғалды қоршауда пайдаланбаңыз.** Электр құралына кірген су тоқ соғу қауіпін жоғарылатады.
- ▶ **Кабельді тиісті болмаған ретте пайдаланбаңыз.** Кабельді электр құралын тасу, көтеру немесе тоқтан шығару үшін пайдаланбаңыз. Кабельді ыстықтық, май, өткір қырлар және жылжымалы бөлшектерден алыс ұстамаңыз. Зақымдалған немесе бытысып кеткен кабель тоқ соғу қауіпін жоғарылатады.
- ▶ **Электр құралын сыртта пайдаланғанда сыртқы жайлар үшін сай кабельді пайдаланыңыз.** Сыртта пайдалануға жарамды кабельді пайдалану тоқ соғу қауіпін төмендейді.
- ▶ **Егер электр құралын ылғалды жерде пайдалану керек болса, онда қорғайтын өшіру құрылғысы (RCD) арқылы қорғалған тоқ желісін пайдаланыңыз.** RCD пайдалану тоқ соғу қауіпін төмендетеді.

Жеке қауіпсіздік

- ▶ **Электр құралды пайдалануда абай болыңыз, жұмысыңызды бақылаңыз және парасатты пайдаланыңыз.** Электр құралды шаршаған кезде немесе есірткі, алкоголь немесе дәрі әсер еткен кезде пайдаланбаңыз. Электр құралын пайдалану кезінде аңсыздық ауыр жеке жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- ▶ **Жеке қорғайтын жабдықтарды пайдаланыңыз.** Әрдайым көз қорғанысын тағыңыз. Шаң маскасы, сырғанбайтын қауіпсіздік аяқ киімдері, шлем немесе есту қорғаныштары сияқты қорғағыш жабдықтары тиісті жағдайларда қолданып жеке жарақаттануларды кемейтеді.
- ▶ **Кездейсоқ іске қосылудың алдын алу. Тоқ көзіне және/немесе батареялар жинағына қосудан алдын, құралды көтеру немесе тасудан алдын өшіргіш өшік күйде болуына көз жеткізіңіз.** Электр құралын саусақты өшіргішке қойып тасу немесе қосқышы қосулы электр құралын тоққа қосу сәтсіз оқиғаға алып келуі мүмкін.
- ▶ **Электр құралын қосудан алдын келген реттеу нысанын немесе кілтті алып қойыңыз.** Электр құралының айналатын бөлігінде қалған кілт немесе сына жеке жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- ▶ **Көп күш істетпеңіз. Әрдайым тиісті таяныш пен тең салмақтылықты сақтаңыз.** Бұл күтілмеген жағдайларда электр құралдың бақылануын сақтайды.
- ▶ **Тиісті киім киіңіз. Бос киім мен әшекейлерді киймеңіз. Шашыңыз бен киімдерді жылжымалы бөлшектерден алыс ұстаңыз.** Бос киімдер, әшекейлер немесе ұзын шаш жылжымалы бөлшектер арқылы тартылуы мүмкін.
- ▶ **Егер шаң шығарып жинау жабдықтарына қосу құрылғылары берліген болса, онда олар қосулы**

болуына және тиісті ретте қолдануына көз жеткізіңіз. Шаң жинауды пайдалану шаңға байланысты зияндарды кемейтеді.

- ▶ **Аспаптарды жиі пайдаланып жақсы білгеннен соң масайрап кетпей қауіпсіздік принциптерін елемей отырмаңыз.** Абайсыз әрекет секунд ішінде ауыр жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- ▶ **HAZAR АУДАРЫҢЫЗ!** Энергиямен жабдықтаудың толықтай не жекелей тоқтатылуы немесе энергиямен жабдықтауды басқару тізбегінің ақаулануы салдарынан электр құралының жұмысында кідіріс пайда болған жағдайда, бұғатталмағандығына көз жеткізіп (болған жағдайда) барып, ажыратқышты Выкл. (Өшіру) қалпына келтіріңіз. Желілік ашаны розеткадан шығарыңыз немесе алып – салмалы аккумуляторды ажыратыңыз. Осы әрекет арқылы бақыланбайтын қайта іске қосылудың алдын аласыз.
- ▶ Аталмыш пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес білікті қызметкерлер құрамына электр құралын реттеу, монтаждау, қолданысқа енгізу және оған қызмет көрсету әрекеттерімен таныс тұлғалар жатады.
- ▶ Электр құралымен жұмыс істеуге 18 жасқа толған, техникалық сипаттаманы, пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және қауіпсіздік ережелерін оқып шыққан тұлғаларға рұқсат етіледі.
- ▶ Дене, сезім немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаның бақылауында болмаса немесе электр құралын пайдалану бойынша нұсқау алмаған болса, бұйымды пайдаланбауы тиіс.

Электр құралдарын пайдалану және күту

- ▶ **Құралды аса көп жүктемеңіз. Жұмысыңыз үшін жарамды электр құралын пайдаланыңыз.** Жарамды электр құралымен керекті жұмыс аймағында дұрыс әрі сенімді жұмыс істейсіз.
- ▶ **Ажыратқышы дұрыс емес электр құралын пайдаланбаңыз.** Қосуға немесе өшіруге болмайтын электр құралы қауіпті болып, оны жөндеу қажет болады.
- ▶ **Жабдықтарды реттеу, бөлшектерін алмастыру немесе электр құралдарын қоймаға қою алдында, ашаны қуат көзінен ажыратыңыз және/немесе аккумуляторы алмалы-салмалы болса, оны электр құралынан алып тастаңыз.** Бұл сақтық әрекеті электр құралдың байқаусыз қосылуына жол бермейді.
- ▶ **Пайдаланылмайтын электр құралдарды балалар қолы жетпейтін жайға қойыңыз. Осыларды білмейтін немесе осы ескертпелерді оқымаған адамдарға бұл құралды пайдалануға жол бермеңіз.** Тәжірибесіз адамдар қолында электр құралдары қауіпті болады.
- ▶ **Электр құралдарын мен керек-жарақтарын ұқыпты күтіңіз. Қозғалмалы бөлшектердің кедергісіз істеуіне және кетпеліп қалмауына, бөлшектердің**

ақаусыз немесе зақымдалмаған болуына, электр құралының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Зақымдалған бөлшектері бар құралды пайдаланудан алдын жөндеңіз. Электр құралдарының дұрыс күтілмеуі жазатайым оқиғаларға себеп болып жатады.

- ▶ **Кескіш аспаптарды өткір және таза күйде сақтаңыз.** Дұрыс күтілген және кескіш жиектері өткір кескіш аспаптар аз кептеліп, кесілетін бетке оңай бағытталады.
- ▶ **Электр құралын, жабдықтарды, алмалы-салмалы аспаптарды және т.б. осы нұсқауларға сай пайдаланыңыз.** Сонымен жұмыс шарттарымен орындайтын әрекеттерге назар аударыңыз. Электр құралдарын арналмаған жұмыстарда пайдалану қауіпті.
- ▶ **Қолтұтқалар мен қармау беттерін құрғақ, таза және май мен ластан таза ұстаңыз.** Сырғанақ қолтұтқалар мен қармау беттері күтілмеген жағдайларда сенімді қолдану мен бақылауға жол бермейді.

Қызмет көрсету

- ▶ **Электр құралына маманды жөндеуші тек бірдей қосалқы бөлшектермен қызмет көрсетуі керек.** Бұл электр құралының қауіпсіздігін сақталуын қамтамасыз етеді.

Алмасты бұрғы қауіпсіздік нұсқаулары

- ▶ **Суды талап ететін бұрғылауды орындаған кезде, суды пайдаланушының жұмыс аймағынан ары ағызыңыз немесе сұйықтық жинайтын құрылғыны пайдаланыңыз.** Осындай алдын алу шаралары пайдаланушы жұмыс аймағын құрғақ сақтап тоқ соғу қауіпін кемейтеді.
- ▶ **Кесетін керек-жарақтан жасырын сымдар немесе өз сымына тиюі мүмкін әрекеттерді жасаған кезде электр құрылы оқшауланған ұстау жайынан ұстаңыз.** Егер кесуші аспап істеп тұрған сымға тисе электр құралының метал бөлшектерін істепті пайдаланушыны тоқ соғуы мүмкін.
- ▶ **Алмасты бұрғымен бұрғылауда құлақ қорғанысын тағыңыз.** Шуылда тұру есті қабілетінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.
- ▶ **Ұшы қысылғанда, төменге қысуды тоқтатып аспапты өшіріңіз.** Ұшы қажалуының себебін табып оны жоюға әрекет жасаңыз.
- ▶ **Алмасты бұрғы жұмысын қайта іске қосудан алдын ұшы еркін бұралуын тексеріңіз.** Егер ұшы қажалса, ол іске қосылмауы, аспапты артық жүктеуі мүмкін, немесе алмасты бұрғыны дайындамадан босатуы мүмкін.
- ▶ **Бұрғы стендін анкерлермен және қысқыштармен дайындамаға қысуда, пайдаланған анкерлеу машинаны пайдалануды ұстап жылжытпауға қабілетті екенін тексеріңіз.** Егер дайындама әлсіз немесе тесіктермен болса, анкер шығып кетіп бұрғыны дайындамадан шығаруы мүмкін.

- ▶ **Бұрғы білтегін вакуумдық жастықшамен дайындамаған бекітуде, жастықшаны тегіс, таза, тесіксіз бетке бекітіңіз.** Плитка немесе композиттік қаптама сияқты ламинация істелген беттерде бекітпеңіз. Егер дайындама тегіс, жалпақ немесе жақсы бекітілген болмаса, жастықша дайындамадан шығып кетуі мүмкін.
- ▶ **Бұрғылаудан алдын немесе бұрғылау кезінде жетерлік вакуум болуына көз жеткізіңіз.** Егер вакуум жетерлік болмаса, жастықша дайындамадан шығып кетуі мүмкін.
- ▶ **Бұрғылауды ешқашан тек вакуумдық жастықшамен бекітілген машинамен орындамаңыз, тек қана төмен қарай бұрғылауда.** Егер вакуум жоғалған болса, жастықша дайындамадан шығып кетуі мүмкін.
- ▶ **Қабырға немесе төбеде өткізіп бұрғылауда, басқа жағында адамдар және жұмыс аймағын қорғауды қамтамасыз етіңіз.** Ұшы тесіктен өтіп басқа жағында түсіп кетуі мүмкін.
- ▶ **Бұл құрылғыны бас жоғарысында сумен бұрғылау үшін пайдаланбаңыз.** Электр құралына кірген су тоқ соғу қауіпін жоғарылатады.
- ▶ **Қажетті іздеу құралдарын пайдаланып жасырылған сымдарды табыңыз немесе жауапты жергілікті ұйым өкілдерін шақырыңыз.** Электр сымдарына тию өрт немесе тоқ соғуына алып келуі мүмкін. Газ құбырын зақымдау жарылысқа алып келуі мүмкін. Су құбырын зақымдау материалдық зиянға немесе тоқ соғуына алып келуі мүмкін.
- ▶ **Сырғанамайтын аяқ киімін киіп жүріңіз.** Осылайша жылтыр беттерде сырғанау себебінен пайда болатын жарақат алудың алдын аласыз.
- ▶ **Электр құралын ешқашан жинақтағы авариялық тоқ қрғағыш өшіргішсіз (PRCD) пайдаланбаңыз.**
- ▶ **Жұмысты бастамас бұрын жылыстау тоғынан қорғайтын ажыратқыштың (PRCD) дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріп шығыңыз.** Зақымдалған жылыстау тоғынан қорғайтын ажыратқышты (PRCD) Bosch қызмет көрсету орталығына жөндеуге немесе ауыстыруға беріңіз.
- ▶ **Не жұмыс аймағындағы адамдарға, не электр құралының өзіне шығып жатқан су тимегеніне назар аударыңыз.**
- ▶ **Құрал толық тоқтағаныша оне ешқашан қалдырмаңыз.** Өлі айналып тұрған алмалы-салмалы аспаптар жарақаттануларға алып келуі мүмкін.
- ▶ **Бұрғылайтын білдекті орнатудан бұрын бұрғылау тірегін құрастырыңыз.** Кедергісіз жұмысты қамтамасыз ету үшін дұрыс құрастыру керек.
- ▶ **Бұрғылайтын білдекті пайдаланудан бұрын бұрғылау тірегіне бекітіңіз.** Бұрғылайтын білдек бұрғылау тірегінен сырғып кетсе, бұл бақылаудың жоғаруына әкелуі мүмкін.
- ▶ **Бұрғылау тірегін берік, тегіс бетке бекітіңіз.** Егер бұрғылау тірегі сырғытын немесе тербелетін болса,

бұрғылайтын білдекті бірқалыпты және сенімді басқару мүмкін болмайды.

- ▶ **Бұрғылайтын білдектің жалғағыш кабелін жұмыс аймағынан алшақ ұстаңыз.** Зақымдалған немесе шиеленіскен кабель электр тогының соғу қауіпін арттырады.
- ▶ **Бұрғылау тірегіне артық жүктеме түсірмеңіз және оны саты немесе тірек ретінде пайдаланбаңыз.** Бұрғылау тірегіне артық жүктеме түсіру немесе үстінде тұру нәтижесінде бұрғылау тірегінің салмақ орталығы артып, аударуына алып келуі мүмкін.
- ▶ **Пайдаланылмайтын бұрғылау тірегі балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Құрылғымен таныс емес немесе осы нұсқауларды оқымаған адамдарға оны пайдалануға жол бермеңіз.** Тәжірибесіз адамдар қолында құрылғылар қауіпті болады.
- ▶ **Бұрғылау тірегіңде немесе бұрғылайтын білдекте кез келген жұмыстарды өткізу алдында, жұмыс үзілістерінің кезінде және бұрғылау тірегі пайдаланбайтын кезде бекіткіш тежегішті бұрап бекіту арқылы бұрғылау тірегінен кенет қозғалудан қорғаныңыз.**
- ▶ **Желіге қосылған электр құралын тек қорғаныш сым бар және өлшемі жеткілікті ток желілерінде пайдалануға болады.**
- ▶ **Бұрғылау станинасын жұмыс кезінде әрдайым дюбель немесе вакуумның (керек-жарақ) көмегімен бекітіп, алмасты бұрғы білдек пен бұрғылау коронкасы орнатылған бұрғылау станинасын кездейсоқ аударылудан сақтап қойыңыз.**
- ▶ **Су өткізетін шлангтар, жалғау бөліктері және су жинау сақинасы (керек-жарақ) күйінің дұрыс болуын тексеріңіз. Зақымдалған немесе тозған бөліктерді пайдаланудан бұрын алмастырыңыз.** Электр құралының бөліктерінен судың шығуы ток соғу қауіпін арттырады.
- ▶ **Электр құралын тиісті тәртіппен жерге тұйықталған ток желісіне жалғаңыз.** Розетка мен ұзартқыш кабельде ақаусыз қорғаныш сым болуы қажет.

Өнім және қуат сипаттамасы



Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді оқыңыз. Техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді сақтамау тоқтың соғуына, өрт және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Пайдалану нұсқаулығының алғы бөлігінің суреттерін ескеріңіз.

Мақсаты бойынша қолдану

Тасымалды алмасты бұрғы білдек GDB 180 WE + GCR 180

Алмасты бұрғы білдек

Электр құралы алмасты ылғалды бұрғылау коронкасымен және су ағызу құбырымен бірге бетон мен темір бетонды ылғалды бұрғылауға арналған. Электр құралы сорғыш құрылғымен (су жинау сақинасы мен ылғалды/құрғақ сорғыш) бірге пайдалануға болады.

Электр құралы алмасты құрғақ бұрғылау коронкаларымен және арнайы сорғыш құрылғымен бірге кірпіш, құм тас, газды бетон және плиткаларда құрғақ бұрғылауға арналған.

Электр құралын стационарлық режимде тек **GCR 180** алмасты бұрғылау станинасымен бірге пайдалануға болады. **Бас үстінен жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.**

Алмасты бұрғылау станинасы

Алмасты бұрғылау станинасы **Bosch** ұсынған **GDB 180 WE** алмасты бұрғы білдегін орнатуға арналған. Басқа құрылғыларды орнатуға болмайды.

Алмасты бұрғылау станинасын дюбельдің көмегімен еденге немесе қабырғаға орнатуға болады.

Алмасты бұрғылау станинасын вакуум (керек-жарақ) көмегімен еденге немесе (қосымша бекіткішпен) қабырғаға орнатуға болады. Бас үстінен бекітуге рұқсат етілмейді.

Көрсетілген құрамды бөлшектер

Көрсетілген компоненттердің нөмірлері графикалық беттердегі электр құралы мен бұрғылау станинасының сипаттамасына негізделген.

Алмасты бұрғы білдек

- (1) Ажыратқыш
 - (2) Ажыратқышқа арналған бекіту түймесі
 - (3) Тігінен туралауға арналған ватерпас
 - (4) Көлденеңінен туралауға арналған ватерпас
 - (5) Беріліс ауыстырып-қосқышы
 - (6) Жұдырықша жалғастырығыш
 - (7) Бұрғылау шпинделі
 - (8) Бұрғылау коронкасы^{a)}
 - (9) Тұтқа (беті оқшауланған)
 - (10) Су жапқыш шүмек
 - (11) Шүмекке жалғағыш бөлшек
 - (12) Су жеткізу адаптері
 - (13) Сору адаптері
 - (14) Аспирациялық келте құбыр^{a)}
 - (15) Сорғыш шланг^{a)}
 - (16) Жылыстау тогынан қорғаныс автоматы (PRCD)
- a) Бейнеленген құрамдас бөлшектер стандарттық жеткізу көлеміне кірмейді.

Алмасты бұрғылау станинасы

- (17) Айналатын крест (беті оқшауланған)

- (18) Құрылғы қысқышының бұрандасы
 (19) Құрылғы қысқышы
 (20) Бұрғылау бағаны
 (21) Бұрғылау бұрышын реттеуге арналған жоғарғы бұранда
 (22) Нивелирлеу бұрандасы
 (23) Су жинау сақинасы^{a)}
 (24) Бұрғылау бұрышын реттеу астыңғы бұрандасы
 (25) Едендік тақта
 (26) Тісті рейка
 (27) Бұрғылау бұрышын реттеуге арналған қысқыш гайка
 (28) Тегершік
 (29) Бекіткіш тежегіш
 (30) Кірпіш қалау дюбелі/бетон дюбелі^{a)}
 (31) Жылдам қысқыш шпindelь^{a)}
 (32) Жылдам қысқыш шпindelьдің қатпарлы гайкасы^{a)}
 (33) Су жинау сақинасының қыспа серіппесі^{a)}
 (34) Сырғанау бағыттауыштары
 (35) Сырғанау бағыттауыштарының алты қырлы гайкасы (10 дана)
 (36) Сырғанау бағыттауыштарының бұрандалы штифті (10 дана)

a) **Бейнеленген құрамдас бөлшектер стандарттық жеткізу көлеміне кірмейді.**

Техникалық мәліметтер

Тасымалды алмасты бұрғы білдек GDB 180 WE + GCR 180

Алмасты бұрғы білдек	GDB 180 WE	
Өнім нөмірі	3 601 A89 8..	
Номиналды тұтынылатын қуат	Вт	2000
Шығыс қуат	Вт	1340
Номиналды айналу жиілігі n_0		
– 1-беріліс	мин ⁻¹	900
– 2-беріліс	мин ⁻¹	2800
Саңылау диаметрі		
– кірпіш қалауда оңтайлы	мм	40–180
– кірпіш қалауда ықтимал	мм	0–180
– бетонда оңтайлы	мм	40–150
– бетонда ықтимал	мм	0–180
Құрал бекіткіші	1 1/4" UNC	
Макс. сумен жабдықтау қысымы	бар	3
Салмағы ^{A)}	кг	5,2

Алмасты бұрғы білдек GDB 180 WE

Қорғаныс класы	GDB 180 WE	
А) Желілік қуат сымынсыз		
Мәліметтер [U] 230 В кесімді кернеуге арналған. Басқа кернеу және елде қабылданған заңдар бұл мәліметтерді өзгертуі мүмкін. Мәндер өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін, сондай-ақ пайдалану және қоршаған орта шарттарына бағынуы мүмкін. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз: www.bosch-professional.com/wac .		

Алмасты бұрғылау станинасы GCR 180

Өнім нөмірі	GCR 180	
Өлшемдері		
– Биіктігі	мм	767
– Ені	мм	205
– Қалыңдығы	мм	423,5
Құрылғы қысқышының диаметрі	мм	60
Бұрғылау коронкасының өлшемдері, макс.		
– Диаметрі	мм	180
– Су жинау сақинасымен бірге диаметрі	мм	132
– Ұзындығы	мм	530
Бұрғылау жүрісі, макс.	мм	514
Жұмыс ұзындығы, макс.	мм	455
Салмағы	кг	9,5

Мәндер өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін, сондай-ақ пайдалану және қоршаған орта шарттарына бағынуы мүмкін. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз: www.bosch-professional.com/wac.

Шуыл бойынша ақпарат

EN 62841-3-6 бойынша есептелген шуыл эмиссиясының көрсеткіштері.

Электр құралының амплитуда бойынша есептелген шуыл деңгейі әдетте келесідей болды: дыбыстық қысым деңгейі **92** дБ(А); дыбыстық қуат деңгейі **100** дБ(А). Өлшеу дәлсіздігі **K=3** дБ.

Құлақ қорғанысын тағыңыз!

Осы ескертпелерде берілген шуыл шығару мәні нормальк өлшеу әдісі бойынша есептелген болып электр құралдарды бір-бірімен салыстыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Ол шуыл шығару мәнін шамалап өлшеу үшін де жарамды.

Берілген шуыл шығару мәні электр құралының негізгі жұмыстары үшін берілген. Егер электр құрал басқа жұмыстар үшін басқа алмалы-салмалы аспаптар менен немесе жетімсіз күтумен пайдаланылса шуыл шығару мәндері өзгереді. Бұл жұмыс барысындағы шуыл шығару мәнін арттырады.

Шуыл шығару мәнін нақты есептеу үшін құрал өшірілген және қосылған болып пайдаланылмаған уақыттарды да ескеру қажет. Бұл жұмыс уақытындағы шуыл шығару мәнін төмендетеді.

Монтаждау

- **Барлық жұмыстардан алдын электр құралының желілік айырын розеткадан шығарыңыз.**

Бұрғылау станинасын монтаждау

Бұрғылау бағанын туралау

Бұрғылау бағанын (20) тік күйге келтіріңіз. Астыңғы бұранданы (24) орнатыңыз (графикалық беттегі суретті қараңыз). Астыңғы бұранданы (24) тартып, жоғарғы бұранданы (21) айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 17 мм) бекітіңіз. Қыспа гайканы (27) айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 24 мм) тартып қойыңыз.

Айналатын крест

Айналатын кресттің (17) үш қапсырмасын айналатын кресттің орта төлкесіне тірелгенше бұрап кіргізіңіз. Айналатын крест (17) бұрғылау кезінде қос иін ретінде қызмет етеді.

Бұрғылау үшін айналатын крестті қажетінше тегершікке (28) солға немесе оңға тірелгенше жылжытыңыз. Айналатын крестті алып тастау үшін қатты тартып шешіңіз.

Бекіткіш тежегіші бар берілісті бұғаттау тетігі

Алғаш рет қолданысқа енгізбес бұрын бекіткіш тежегішті (29) тегершік (28) астындағы бос бұрандалы саңылауға бұрап енгізіңіз.

Бұрғылау станинасындағы барлық жұмыстар үшін, жұмыс үзілістерінде және пайдаланбаған кезде берілісті бұғаттаңыз. Ол үшін бекіткіш тежегішті (29) бұрап қойыңыз.

Бұрғылау үшін бекіткіш тежегішті (29) айналатын крест (17) аздап жылжитындай етіп босатыңыз. Бұл ретте электр құралының бақылаусыз сырғанап кетуіне жол бермеу үшін айналатын крестті қатты ұстап алыңыз.

Электр құралын орнату (А суретін қараңыз)

Бекіткіш тежегіш (29) тартылғанына көз жеткізіңіз. Құрылғы қысқышындағы бұранданы (18) айыр тәрәзді кілтпен (кілт ені 13 мм) босатыңыз. Электр құралын қысылатын мойыншасын жоғары қаратып құрылғы қысқышына (19) тірелгенше енгізіңіз.

Электр құралын құрылғы қысқышына барлық ажыратқыштар қолжетімді болатындай және электр құралындағы шаң сору/суды суыту жалғағышы бұрғылау әрекетіне кедергі жасамайтындай етіп бұрап кіргізіңіз. Бұранданы (18) айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 13 мм) тартып қойыңыз.

Айналатын крестті (17) бұрғылау әрекеті үшін оңға немесе солға қарай тегершікке (28) жылжытыңыз.

- **Электр құралының құрылғы қысқышында берік бекітіліп тұрғанын тексеріңіз.**

Электр құралын бұрғылау станинасынан шығару кезінде әрекеті кері реттілік бойынша орындаңыз.

Бұрғылау станинасын бекіту

Нұсқау: бұрғылау станинасын саңылаусыз бекітіңіз. Осылайша бұрғылау коронкасының қысылуына және сегменттерінің тозуына жол бермейсіз. Астыңғы беттің түрі және сипаттарына байланысты бұрғылау станинасын дюбель немесе вакуум арқылы жоспарланған саңылауға бекітіңіз.

Бұрғылау станинасын бекітуден бұрын орналастыру

Қажетті саңылау ортасын астыңғы бетте сызып қойыңыз. Бұрғылау үшін пайдаланылған коронканың сыртқы өлшемін саңылау ортасымен орталық ретінде белгілеңіз. Бұрғылау станинасын (электр құралы орнатылған) дюбельмен немесе вакууммен орнатылған бұрғылау коронкасы белгіленген өлшемдерге түсетіндей етіп бекітіңіз.

Дюбельмен бекіту (В суретін қараңыз)

Бұрғылау станинасын дюбельмен бекіту үшін сізге бетон немесе кірпіш қалауға арналған стандартты бекіту жинағы қажет.

Жоспарланған саңылаудан жарамды арақашықтықта дюбель үшін бөлек бекіткіш саңылауды бұрғылаңыз.

Дюбель саңылауы – жоспарланған саңылау ортасының аралығы

оңтайлы	210 мм
ықтимал	200–300 мм

Дюбель саңылауы үшін төмендегі өлшемдер қолданылады:

	Диаметрі	Қалыңдығы
Кірпіш қалау	20 мм	85 мм
Бетон	16 мм	50 мм

Бір бетондық дюбельді кергі сынамен немесе кірпіш қалау дюбелімен (30) дюбель саңылауына орнатыңыз. Жылдам қысқыш шпиндельді (31) дюбельге бұрап енгізіңіз.

Бұрғылау станинасы мен астына қоятын шайбаны орнатып, бекіту жинағының қатпарлы гайкасымен (32) бұрап бекітіңіз. Қатпарлы гайканы нивелирленгеннен кейін қатайтыңыз.

Вакууммен (керек-жарақ) бекіту

Бұрғылау станинасын вакууммен бекіту үшін стандартты вакуумдық сорап және **Bosch** вакуумдық жинағы (керек-жарақ) қажет болады.

Вакуумдық сорап төмендегі талаптарға сай болуы керек:

Көлемдік ағын: 6 м³/сағ
 Вакуум кемінде: 80% (–800 мбар)
 Вакуумдық сорғыда бекіту әрекетінің барысында шынайы вакуум мәнін көрсететін манометр бар болуы керек.

Вакууммен бекіту үшін астыңғы бет жылтыр және тегіс болуы керек. Сылау немесе кірпіш қалауда орнату мүмкін емес.

Вакуумдық қосылым пайда болғанда, нивелирлеу бұрандаларын (22) астыңғы бетке сәл орнатып, бұрғылау

станинасы нық тұрып, тығыздауыш сақина бос тұруы керек. Әйтпесе бұрғылау станинасы тығыздауыш сақинада қатты босап тұрады.

Вакуумдық сорапты және **Bosch** вакуумдық жинағын жалғау үшін олардың пайдалану бойынша нұсқаулықтарын оқып ұстаныңыз.

► **Вакуумдық сорап пен вакуумдық жинақты қауіпсіздік және жұмыс нұсқауларын қатал орындау қажет!**

Нивелирлеу (вакууммен бекіткенде емес)

Нивелирлеу бұрандаларын (22) деңгей (3) электр құралында (тігінен монтаждау кезінде) немесе деңгей (4) электр құралында (көлденеңнен монтаждау кезінде) дәл тураланатындай етіп бір-бірден бұрап енгізіңіз немесе шығарыңыз.

Бұрғылау станинасын дюбель бекіткішімен бекітіңіз.

Бұрғылау коронкасын орнату/алмастыру

► **Бұрғылау тірегіңде немесе бұрғылайтын білдекте кез келген жұмыстарды өткізу алдында, жұмыс үзілістерінің кезінде және бұрғылау тірегің пайдаланбайтын кезде бекіткіш тежегішті бұрап бекіту арқылы бұрғылау тірегің кенет қозғалудан қорғаңыз.**

Бұрғылау коронкасын орнату

Құрғақ әдіспен бұрғылау үшін құрғақ әдіспен бұрғылау коронкаларын ғана, ал ылғалды әдіспен бұрғылау үшін ылғалды әдіспен бұрғылау коронкаларын ғана пайдаланыңыз.

► **Бұрғылау коронкаларын орнатудан бұрын тексеріп шығыңыз. Тек ақаусыз бұрғылау коронкаларын орнатыңыз.** Зақымдалған және деформацияланған бұрғылау коронкалары қауіпті жағдайларды тудыруы мүмкін.

Орнатудан бұрын бұрғылау коронкаларын тексеріп шығыңыз. Бұрғылау коронкасының бұрандасын аздап майлаңыз немесе тот басудан қорғайтын затты себіңіз.

1 1/4 дюйм UNC бұрғылау коронкасын (8) бұрғылау шпинделіне (7) бұрап қойыңыз.

► **Бұрғылау коронкасының нық бекітілгеніне көз жеткізіңіз.** Қате немесе нашар бекітілген бұрғылау коронкалары жұмыс кезінде босап, сізге қауіп төндіруі мүмкін.

Бұрғылау коронкасын алып тастау

► **Бұрғылау коронкасын алмастыру кезінде қорғаныш қолғап киіп жүріңіз.** Электр құралы ұзақ уақыт жұмыс істесе, бұрғылау коронкасы қызып кетуі мүмкін.

Бұрғылау коронкасын (8) айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 41 мм) босатыңыз. Бұл ретте екінші айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 32 мм) бұрғылау шпинделінің (7) артық ілмегің тіреп тұрыңыз.

Сулы суыту/щаңсоруды қосыңыз

Дымқыл немесе құрғақ бұрғылау коронкалары жетерлік ретте суымаса, алмас бөлшектері зақымдануы мүмкін немесе бұрғылау коронкасы тесікті жабуы мүмкін. Сол үшін дымқыл бұрғылауда сулы суыту жетерлік болуына көз жеткізіңіз, ал құрғақ бұрғылауда шаңсоруды жұмыс істеуіне.

Бар тесікті үлкейту үшін оны әбден жабып бұрғылау коронкасын жетерлік суыту керек.

► **Қосылған шлангтар, бұғаттау клапандары немесе жабдықтар бұрғылауға кедергі жасамауы керек.**

Сумен суытуды жалғау

Суға жалғағыш адаптерді (12) жұдырықша жалғастырғышқа (6) орнатып, оны сағат тілінің бағытымен тірелгенше бұрап бекітіңіз.

Су жапқыш шүмекті (10) бұрап бекітіңіз. Су жеткізу құбырын шүмекке жалғағыш бөлшекке (11) жалғаңыз. Суды жылжымалы қысымдалған су айдағыш құрылғыдан (керек-жарақ) немесе стационарлық су жалғағышы арқылы жеткізуге болады.

Ылғалды бұрғылау кезінде саңылаудан шығатын суды жинау үшін су жинау сақинасы мен ылғалды/құрғақ сорғыш (екеуі де керек-жарақ) қажет болады.

Суды соруға арналған су жинау сақинасын монтаждау (С суретін қараңыз)

Су жинау сақинасы (қараңыз „Керек-жарақтар/қосалқы бөлшектер“, Бет 15) **GCR 180** алмасты бұрғылау станинасымен және **GDB 180 WE** алмасты бұрғы білдегімен бірге пайдалануға арналған.

Саңылауды қажетті бұрғылау диаметрі үшін тығыздауыш қақпақта кесіп алыңыз.

Қыспа серіппені (33) едендік тақта (25) мен бұрғылау бағаны (20) арасындағы саңылауға тірелгенше жылжытыңыз. Бұл ретте қыспа серіппенің бұрыштық бөлігі төмен қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.

Су жинау сақинасын қалпына келтіріп, қыспа серіппені су жинау сақинасындағы тіреу нүктелеріне қойыңыз. (Қыспа серіппедегі ұштардағы қапсырмалар қыспа серіппені жоғары қарай тартуға арналған.)

Серіппенің керу күші арқылы су жинау сақинасы тығыздауышымен бірге астыңғы бетке басылып, ылғалды/құрғақ сорғыштық вакууммен бірге судың шығып кетуіне жол бермейді.

Шаңсорғышты жалғау

Шаң мөлшерін азайту шараларын қолданбай жұмыс істемеңіз. Сәйкес сорғыш құрылғы денсаулыққа қауіпті шаң жүктемесін азайтады. Жұмыс орнының жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз. Әрдайым тыныс органдарына арналған жарамды қорғанысты пайдаланыңыз. Мүмкіндік болса, осы материал үшін жарамды шаңсорғышты пайдаланыңыз. Өңделетін материалдар үшін еліңізде қолданылатын нұсқамаларды орындаңыз.

Сорғышқа қойылатын талаптар

Шлангінің ұсынылған номинал диаметрі	мм	35
Қажетті төменгі қысым ^{A)}	мбар гПа	≥ 230 ≥ 230
Қажетті ағын мөлшері ^{A)}	л/с м ³ /сағ	≥ 36 ≥ 129,6
Сүзгінің ұсынылатын өткізу қабілеті	М шаң класы ^{B)}	

A) Электр құралының сорғыш жалғағышындағы қуат мәні

B) IEC/EN 60335-2-69 стандарты бойынша

Сорғыш нұсқаулығын қараңыз. Сору қуаты төмендеген жағдайда, жұмысты тоқтатып, себебін жойыңыз.

Шаңсорғышты электр құралына жалғау:

- Сору адаптерін **(13)** жұдырықша жалғастырғышқа **(6)** орнатып, оны сағат тілінің бағытымен тірелгенше бұрап бекітіңіз.
- Шаңсорғыштың сорғыш шлангісін **(15)** аспирациялық келтеқұбырға **(14)** енгізіңіз.

Пайдалану

Бұрғылау бұрышын өзгерту

- ▶ **Барлық жұмыстардан алдын электр құралының желілік айырын розеткадан шығарыңыз.**
- ▶ **Бұрғылау станинасында әр реттегеннен кейін барлық бұрандаларды қайтадан бұрап бекітіңіз.**

Бұрғылау бұрышын реттеуге арналған астыңғы бұранданы **(24)** айыр тәрізді кілтпен кілт ені 17 мм) босатып, алып тастаңыз.

Жоғарғы бұранданы **(21)** айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 17 мм) босатыңыз.

Қыспа гайканы **(27)** айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 24 мм) босатыңыз. Бұрғылау станинасын қажетті бұрғылау бұрышына орнатыңыз.

Қыспа гайканы **(27)** айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 24 мм) қайтадан тартып қойыңыз. Жоғарғы бұранданы **(21)** айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 17 мм) бұрап бекітіңіз.

- ▶ **Бұрғылау станинасы тек қыспа гайка (27) және бұрышты реттеуге арналған бұранда (21) қайтадан тартылғанда ғана орнатылуы мүмкін.**

Бұрғылағаннан кейін бұрғылау бағанын **(20)** кері реттілік бойынша тік күйге (0° бұрғылау бұрышы) қайтып орнатыңыз. Ол үшін астыңғы бұранданы **(24)** қайта орнатып, айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 17 мм) бұрап бекіту керек.

Қолданысқа енгізу

- ▶ **Желі қуатына назар аударыңыз!** Тоқ көзінің қуаты электр құралдың зауыттық тақтайшасындағы мәліметтеріне сай болуы қажет.
- ▶ **Жұмысты бастамас бұрын жауапты инженермен, сәулетшімен немесе құрылыс басқармасымен жоспарланған саңылаулар жөнінде кеңесіңіз.**

Арматураларды тек құрылыс инженерінен рұқсат алып ажыратыңыз.

- ▶ **Бұрғылау кезінде, қабырға немесе еденді тесу кезінде тиісті бөлмелерде кедергілердің жоқтығын тексеріп шығыңыз. Құрылыс орнын жауып, кернді қорлама қалып арқылы құлаудан қорғаңыз.**

Жылыстау тогынан қорғаныс автоматының (PRCD) жұмысын тексеру

Жұмысты әр бастамас бұрын жылыстау тогынан қорғаныс автоматының (PRCD) **(16)** ақаусыз жұмыс істеуге қабілетін тексеріп шығыңыз:

- Жылыстау тогынан қорғаныс автоматындағы (PRCD) **TEST** түймесін басыңыз. Қызыл түсті бақылау индикаторы сөнеді.
- **RESET** түймесін басыңыз. Электр құралы енді қосылуы керек.

Егер қызыл түсті бақылау индикаторы **TEST** түймесі басылғанда сөнбесе немесе электр құралын қосу кезінде қайта-қайта сөніп тұрса, электр құралын өкілетті **Bosch** клиенттерге қызмет көрсету орталығында тексерту керек.

- ▶ **Жылыстау тогынан қорғаныс автоматы (PRCD) ақаулы болса, электр құралын пайдалануға болмайды.**

Қосу

Жылыстау тогынан қорғаныс автоматындағы (PRCD) **(16) RESET** түймесін басыңыз.

Ылғалды бұрғылау: су жапқыш шүмекті **(10)** өткелге орнатыңыз.

Электр құралын қосу үшін ажыратқышты **(1)** басып тұрыңыз.

Басылған ажыратқышты бұғаттау үшін реттеу түймесін **(2)** тағы басыңыз.

Өшіру

Ажыратқышты **(1)** жіберіңіз. Ажыратқыш бұғатталған болса, оны алдымен басып, сонан соң жіберіңіз.

Ылғалды бұрғылау: су жапқыш шүмекті **(10)** бұрап бекітіңіз. Жұмыс соңында шүмекке жалғағыш бөлшекті **(11)** су жеткізу құбырынан ажыратыңыз. Су жапқыш шүмекті **(10)** ашып, қалған суды ағызыңыз.

Іске қосу тогының шектеулері

Электр құралының электроникасы қозғалтқышты бірқалыпты іске қосуға мүмкіндік беріп, жоғары іске қосу тогына жол бермейді.

Қайта іске қосылудан қорғаныс

Қайта іске қосылудан қорғаныс ток берілуі үзілгеннен кейін электр құралының бақылаусыз іске қосылуына жол бермейді.

Қайта іске қосу үшін жылыстау тогынан қорғаныс автоматындағы (PRCD) **(16) RESET** түймесін басыңыз. Содан кейін ажыратқышты **(1)** өшірілген күйге келтіріп, электр құралын қайта қосыңыз.

Айналу жиілігін алдын ала таңдау

Беріліс ауыстырып-қосқышы (5) екі айналу жиілігін алдын ала таңдауға мүмкіндік береді.

Берілістер төмендегі саңылау диаметрлері үшін ұсынылады:

- 1-беріліс: 80–180 мм
- 2-беріліс: 25–60 мм

Жұмыс бойынша нұсқаулар

► Барлық жұмыстардан алдын электр құралының желілік айырын розеткадан шығарыңыз.

Бұрғылау үшін бекіткіш тежегішті (29) айналатын крест (17) аздап жылжитындай етіп босатыңыз. Бұл ретте электр құралының бақылаусыз сырғанап кетуіне жол бермеу үшін айналатын крестті қатты ұстап алыңыз.

1-ші берілісте бұрғылау коронкасы дірілсіз дайындамаға бұралғанша төмен айналу жиілігімен бұрғылаңыз. Содан кейін қажет болса, 2-ші беріліске ауысыңыз.

Бұрғылау кезіндегі басу қысымын бұрғыланатын дайындамаға бейімдеңіз. Бірқалыпты қысыммен бұрғылаңыз. Кейбір жағдайларда бұрғылау коронкасын саңылаудан шығарыңыз, сонда бұрғылау қоқысын немесе шағын алмас сегменттерінен кетіру мүмкін болады.

Электр құралының айналатын крестін (17) қажетті бұрғылау тереңдігіне дейін бұраңыз. Содан кейін бұрғылау коронкасы толық көрінгенше кері бұраңыз.

Максималды жұмыс ұзындығына қол жеткізу үшін кернді ол бұрғылау коронкасын толық толтырғанда алып тастау керек. Содан кейін бұрғылау коронкасын саңылауға қайта салып, максималды тереңдікке дейін бұрғылаңыз.

Артық жүктеме ажыратқышы

Бұрғылау коронкасы қысылса немесе ілінсе, бұрғылау шпинделіне беріліс тоқтатылады. Мұндай жағдайда тозу және дірілдей бастайды. Басу қысымын электр құралын бірден өшіріңіз.

Бұрғылау коронкасын тиісті айыр тәрізді кілтпен оңға және солға бұрап босатыңыз. Бұл ретте электр құралын саңылаудан абайлап тартып шығарыңыз.


Артық жүктемеден қорғаныс

Артық жүктеме шегінен асырған жағдайда электр құралы қатты дірілдей бастайды. Басу қысымын электр құралы қалыпты жұмыс істегенше кішірейтіңіз.

Басу қысымы кішірейтілмесе, электр құралы өшіп қалады. Содан кейін электр құралын бірден қайта қосуға болады, бірақ төменірек басу қысымымен жұмыс істеу қажет болады.

Кернді алып тастау

Ылғалды бұрғылау: бұрғылағаннан кейін суды кішкене ағызып, бұрғылау коронкасы мен керн арасындағы бұрғылау қоқысын шайып жіберіңіз.



Егер керн бұрғылау коронкасында қатты орнатылған болса, жұмсақ ағашпен немесе пластик бөлшекпен бұрғылау коронкасын қағып, кернді босатыңыз. Қажет болса, кернді таяқпен бұрғылау коронкасының шеткі жағынан итеріп шығарыңыз.

Нұсқау: бұрғылау коронкасын қатты заттармен қақпаңыз (деформациялау қаупі бар)!

Техникалық күтім және қызмет

Қызмет көрсету және тазалау

► Барлық жұмыстардан алдын электр құралының желілік айырын розеткадан шығарыңыз.

► Лайықты әрі қауіпсіз түрде жұмыс істей алу үшін, электр құралды және желдету саңылауларын таза қалыпта ұстаңыз.

Тісті рейканы (26) және бұрғылау бағанының (20) бағыттауыш беттерін әрдайым таза ұстаңыз.

Бұрғылау шпинделін (7) жұмыс соңында тазалап шығыңыз. Кейбір жағдайларда бұрғылау шпинделі мен бұрғылау коронкасына (8) тот басудан қорғайтын затты себіңіз.

Егер байланыс сымын алмастыру қажет болса, қауіпсіздіктің төмендеуіне жол бермеу үшін осы жұмыс тек **Bosch** компаниясы немесе **Bosch** электр құралдары бойынша өкілетті қызмет көрсету орталықтарында жүргізілуі тиіс.

Өнімдерді олардың сақтығын қамтамасыз ететін, өнімдерге атмосфералық жауын-шашынның тиюіне және асқын температура көздерінің (температураның шұғыл өзгерісінің), соның ішінде күн сәулелерінің әсер етуіне жол бермейтін дүкендерде, бөлімдерде (секцияларда), павильондар мен киоскілерде сатуға болады.

Сатушы (өндіруші) сатып алушыға өнімдер туралы қажетті және шынайы ақпаратты беріп, өнімдерді тиісінше таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Өнімдер туралы ақпарат міндетті түрде тізімі Ресей Федерациясының заңнамасымен белгіленген мәліметтерді қамтуы тиіс.

Егер тұтынушы сатып алатын өнімдер әлдеқашан пайдаланылған немесе өнімдерде ақаулық (ақаулықтар) жойылған болса, тұтынушыға бұл туралы ақпарат берілуі тиіс.

Өнімдерді сату процесінің аясында төмендегі қауіпсіздік талаптары орындалуы тиіс:

- Сатушы сатып алушыға ұйымының фирмалық атауы, орналасқан жері (мекенжайы) және жұмыс режимі туралы мәліметтер беруге міндетті;
- Сауда бөлмелеріндегі өнімдердің сынамалары сатып алушыға бұйымдардағы жазбалармен танысуға мүмкіндік беруі және визуалды тексерістен басқа бұйымдардың іске қосылуына әкелетін, сатып алушылар өз бетінше орындайтын ешқандай әрекеттерге жол бермеуі тиіс;
- Сатушы осы бұйымдардың белгіленген талаптарға сәйкестігінің растамасы, сертификаттардың немесе сәйкестік жөніндегі мәлімдемелердің бар болуы туралы ақпаратты сатып алушыға беруге міндетті;
- Идентификациялық сипаттары жоқ (жоғалған), жарамдылық мерзімі өтіп кеткен, бұзылу белгілері бар және пайдалану бойынша нұсқаулығы (кітапшасы), міндетті сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік белгісі жоқ өнімдерді сатуға тыйым салынады.

Сырғанау бағыттауыштарын қосымша дәлдеу (D суретін қараңыз)

Уақыт өте келе сырғанау бағыттауыштары (34) тозып, сырғанау бағыттауыштары мен бұрғылау бағаны арасында саңылау пайда болуы мүмкін. Осы жағдайдың алдын алу үшін сырғанау бағыттауыштарын қосымша дәлдеу қажет.

Барлық он алты қырлы гайканы (35) айыр тәрізді кілтпен (кілт ені 1,3 мм) босатыңыз. Содан кейін бұрандалы штифттерді (36) саңылау барынша азайғанша бірқалыпты тартыңыз. Барлық он алты қырлы гайканы қайтадан бұрап бекітіңіз.

Үйкелісқа қарсы қабат (қызыл түсті) тозғанда ғана сырғанау бағыттауыштарын алмастыру қажет болады. Бұл тек қызыл түсті бояу жойылып, негізгі материал көрінгенде қажет болады. Алмастыру жұмысын өкілетті **Bosch** электр құралдарына қызмет көрсету орталығында өткізуге кеңес беріледі.

Тасымалдау

Электр құралы орнатылған бұрғылау станинасын сақтауға қоюға болады. Ол үшін электр құралын айналатын кресттің (17) көмегімен едендік тақтаға қарай барынша ары бұраңыз да, аударылу қаупінің алдын алыңыз.

Қауіпсіз тасымалдау үшін электр құралын бұрғылау станинасынан шығарыңыз.

Керек-жарақтар/қосалқы бөлшектер

Су жинау сақинасы (GCR 180)	2 608 550 621
Су жинау сақинасына арналған тығыздауыш қақпақ (GCR 180)	2 608 550 624
Вакуумдық жинақ	2 608 550 623
Вакуумдық жинаққа арналған тығыздауыш резеңке (GCR 180)	2 608 550 625
Су айдағыш құрылғы	2 609 390 308

Адаптер G 1/2"

2 608 598 043

Тұтынушыға қызмет көрсету және пайдалану кеңестері

Қазақстан

Тұтынушыларға кеңес беру және шағымдарды қабылдау орталығы:

Роберт Бош (Robert Bosch) ЖШС
050012 Алматы қ.,
Қазақстан Республикасы
Мұратбаев к-сі, 180
"Гермес" БО, 7 қабат
Тел.: +7 (727) 331 86 00
Тел.: 8 8000 700 270

Сурақтар қою және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде міндетті түрде өнімнің фирмалық тақтайшасындағы 10 таңбалы өнім нөмірін беріңіз.

Көдеге жарату

Электр құралдарын, бұрғылау станинасын, керек-жарақтар мен орауыштарды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде көдеге жарату орнына тапсыру қажет.



Электр құралдарын тұрмыстық қоқысқа тастамаңыз!

Тек қана ЕО елдері үшін:

Пайдалануға әрі қарай жарамайтын электрлік және электрондық құрылғыларды бөлек жинау және қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен көдеге жарату керек. Белгіленген қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Қате жолмен көдеге жарату құрылғы құрамындағы қауіпті болуы мүмкін заттарға байланысты қоршаған орта мен денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.

Servicekontakte
Service Contacts
Contacts de Service
Contactos de Servicio



<https://www.bosch-pt.com/serviceaddresses>

Garantiebedingungen
Guarantee Conditions
Conditions de Garantie
Condiciones de Garantía



<https://www.bosch-pt.com/guarantee/202601>